

Білім айтқан сөзге күн жетпейді,
Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.
Өзің білмесең, білгендерден үйрен,
Үйренгеннен ештеңе кетпейді.

ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ



ҚАРАПАЙЫМ МОНШАҚТАН БАСТАЛҒАН ШЕБЕРЛІК

» 6



ҚҰМДАҒЫ ДОП ДОДАСЫ

» 6


# ШУ ӨҢІРІ

Шуская долина

№51 (10062)
СЕНБІ
27 МАУСЫМ,
2026 ЖЫЛ

АЙМАҚТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ (Жамбыл облысы)    WWW.SHUONIRI.KZ    Газет 1935 жылдың 16 маусымынан шығады


ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Күні кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 28 маусым - Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай Ақордада қалам ұстаған қауыммен кездесіп, тиісті марапаттарын тапсырды. Оның ішінде ауданымыздың тумасы, ҚР Журналистер одағының мүшесі, қаламгер, тележурналист Чекаев Жұмахан Төлеуұлы 2026 жылғы 23 маусымдағы Президент Жарлығымен "Ерен еңбегі үшін" медалімен наградталды.**



## Жерлесіміз «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды

Жұмахан Төлеуұлы ұзақ жылдар бойы Шу ауданының тыныс-тіршілігі мен жедел ақпараттарды телеарналарға дайындап, әлеуметтік желілерде белсенді жұмыс істейді. Шу аудандық мәслихатының депутаты ретінде де сайлаушылардың өзекті де өткір мәселелеріне назар аударып, шешімінің табылуына ықпал етті.

Сонымен қатар көрген-түйгендерін кітаптарға түсіріп, көлемді еңбек жазды. Деректі фильмдерді таспалап, редакторлық жасады. Журналистикадан бөлек, жерлесіміз үкіметтік емес ұйымды басқарып, өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға, оның ішінде табиғи ресурстарды тиімді пайдалану ісіне зор үлес қосып келеді.

Тынымсыз еңбек пен үздіксіз ізденіс нәтижесінде әріптесімізге республикалық, облыстық және аудандық деңгейде марапаттар берілген. Сондай-ақ көпжылғы еңбегі ескеріліп, Шу ауданының Құрметті азаматы атағы тапсырылды.

Қадірлі қанаттасымызды Мемлекет басшысының қолынан алған наградасымен құттықтаймыз! Бұл марапатты аудан журналистикасына берілген баға деп қабылдаймыз. Саланың ардагеріне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр мен шығармашылық табыс тілейміз!

**«Шу өңірі» ақпараты.**

БРИФИНГ

## Аудан әлеуеті – аймақ дамуының берік негізі

***Шу ауданының әкімі Б.Жәнібековтің Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі баспасөз конференциясында сөйлеген сөзі***

***Қайырлы күн, құрметті облыс тұрғындары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және әлеуметтік желі қолданушылары!***




2026 жылдың төрт айында ауданның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері төмендегідей қалыптасты.

Өнеркәсіпте өндірілген өнім көлемі – 31,8 млрд теңге, НКИ 119,3 пайыз (2025 ж. – 11,9 млрд теңге, НКИ 106,0 пайыз);

Ауыл шаруашылығы өнімі көлемі – 7,0 млрд теңге, НКИ 100,9 пайыз (2025 жылы – 5,6 млрд теңге, НКИ 101,4 пайыз);

Инвестиция көлемі – 108,3 млрд теңге, НКИ 361,1 пайыз, (2025 ж – 28,6 млрд теңге, НКИ 155,8 пайыз);

Құрылыс жұмыстары – 6,4 млрд теңге, НКИ 151,9 пайыз, (2025 ж – 4,0 млрд теңге НКИ 41,2 пайыз);

Тұрғын үй көлемі - 8937 шм НКИ 100,3 пайыз, ( 2025 жылы – 8913 м2, НКИ 102,1 пайыз);

Сауда айналымы – 8,9 млрд теңге, НКИ 102,0 пайыз, (2025 жылы – 7,9 млрд, НКИ 101,7 пайыз).

**АУДАНҒА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ БОЙЫНША**

Бүгінгі күнге жалпы құны 1,0 трлн теңгені құрайтын 33 инвестициялық жобалармен жұмыс жүргізілуде (28 жоба «Jibek joly» АЭА аумағында орналасқан). 2025 жылы жалпы 30 инвесторлармен кездесулер өткізілсе, 2026 жылы 15 кездесу өткізілді. Оның ішінде, 65,9 млрд теңгені құрайтын 10 жоба іске асырылған, 918,0 млрд теңгені құрайтын 11 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілуде (3865 жұмыс орындары) және 29,5 млрд теңгені құрайтын 12

*(Жалғасы 2-бетте)*

***Аудан әкімі Б.Жәнібековтың Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен құттықтауы***

**Құрметті баспасөз қызметкерлері!**

Халық пен билік арасындағы алтын көпір іспеттес журналистер қауымының тындырымды еңбегі ауқымды сипатта жүретіндігі, мәртебеге лайық екені белгілі. Ақпарат ағыны заманында жылдам хабар тарату қоғамдағы үрдістердің алмасу қарқынын арттырады.

Сіздер қазіргі дәуір жаңалығының жаршысы ретінде оқырман қауымның бойына ізгі қасиеттерді дарытуға, ұлт болмысына деген сүйіспеншілікке, салт-дәстүрді ардақтауға, әдебиетіміздің өркендеп, қанат жаюына мол үлес қосып жүрсіздер.

"Газет халықтың тілі, көзі һәм құлағы" деп баспасөз қызметкерлері еңбегін нақты осы теңеумен дөп басып екшей аламыз. Күнделікті оқиғалардың басы-қасында жүретін тілшілер қауымы елеулі де ерен істері арқылы қалың халық жүрегінен орын алып, өзгеріске толы өмірде өлшемі шексіз пайдалы жұмыстары арқылы ел жақтаған жандар.

Аудан өмірінде түйіні шешілмеген сан тарау қиындықтарды уақытында еңсере отырып, түйінін тарқату жолын іздестіруде көз ілмей еңбектеніп, жұмысынан жігер алатын қауымның заман талабына сай екені анық. Адамгершілік тұрғысын бірінші кезекке қоя отырып, өмірлерін әділеттілік пен шыншылдықты жақтауға арнаған оң нәтижелі шаруалар атқарып, жауапкершілікті сезіне білетін сіздерге алғыс білдіремін.

**Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері!**

Ақ пен қараны, жақсы мен жаманды ажырату жолында еткен еңбек, төккен терлеріңіз жемісті болып, оқырмандарыңыз көбейіп, қаламдарыңыз мұқалмасын! Сіздердің отбасыларыңызға денсаулық пен береке, жұмыстарыңызға шабыт тілеймін!

АУДАНДА




## АҚ ЕГІСКЕ ОРАҚ ТҮСТІ

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ - ТӘУЕКЕЛ МЕН ҮМІТ ТОҒЫСҚАН КҮРДЕЛІ САЛА. СЕБЕБІ ДИҚАННЫҢ СЕПКЕН ДӘНІНІҢ ТАҒДЫРЫ ӨНІМДІ ЖИНАП АЛҒАНША БЕЙМӘЛІМ. БИЫЛҒЫ СУ АРНАЛАРЫНЫҢ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ СУ ТАПШЫЛЫҒЫНА ҚАРАМАСТАН ЕГІН БІТІК ШЫҒЫП, АҚ ДАЛАҒА КЕМЕДЕЙ БОП КОМБАЙН КІРІП ОТЫР.**



**Байжан ЕМБЕРДІ, «Шу өңірі»**

Көктөбе ауылындағы Мұрат Саурықов басқаратын «Ақ дала» шаруа қожалығы 22 гектар жерге арпа, 10 гектарға бидай еккен. Ауа райының жауынды болуы себебімен егістің бойы биік, дәні бүтін шыққанына шынайы қуандық. Өйткені дәл егіннің жанындағы су арналарына жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Жаңақоғам ауылдық округінің әкімі Марлен Махамадиевтың айтуынша, ауылда 327 шаруа қожалығы бар. Ауыл жерінің 92 мың гектары жайылым болса, 9274 гектары егістік. Ақ егіс пен шабындық жерлерді аралатқан ауыл әкімі бізге біраз мәлімет берді. Сондай-ақ малдың қысқы азығын баулап, жинап жатқан жаңақоғамдықтарды көзіміз шалды.

Компьютермен жабдықталған жаңа комбайнды тізгіндеген Қанат есімді ағамыз екі барып келгенде бункеріне 3 тонна арпа жиналғанын айтты. Комбайнның бүйіріндегі жазуға қарап, бұл «ESSIL 740» комбайны деген байламға келдік. Сонымен қатар үстінде «Қостанай» деген белгі де тұр — бұл Қазақстанда құрастырылатын астық жинайтын комбайн желісіне ұқсайды.

Еске сала кетейік, аталмыш шаруа қожалық иесінің арпа-бидайды алғашқы рет сеуіп-жинауы. Ал нәтижесі көңіл қуантарлық.

Аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметіне сүйенсек, өңірде барлығы 136 185 гектар егістік жер бар. Оның ішінде 33 157,7 гектары суармалы алқапқа тиесілі. Бүгінгі таңда өнімі жинауға жататын 42 760 гектар масақты дақылдардың 180 гектары жиналып, 225 тонна өнім алынды. Әр гектардан орташа көлемі 12,5 ц/га құрайды. Егін ору науқанына 80 комбайн тартылған.



## Сайлау мәдениеті – қоғамдық жауапкершіліктің көрінісі

Қоғамның саяси мәдениеті мен азаматтық белсенділігін айқындайтын маңызды факторлардың бірі – сайлау мәдениеті. Азаматтардың өз таңдауын саналы түрде жасап, қоғамдық-саяси процестерге белсенді қатысуы елдің тұрақты дамуы мен демократиялық құндылықтарының нығаюына негіз болады.

Қазақстанда соңғы жылдары саяси жаңғыру бағытында маңызды өзгерістер жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде жалпыхалықтық референдумның тарихи маңызы ерекше. Референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге, азаматтардың құқықтары мен қоғамның рөлін күшейтуге бағытталған жаңа кезең басталды.

Конституциялық өзгерістер қоғамның пікірін ескеру тетіктерін кеңейтіп, ел дамуына әрбір азаматтың қатысу мүмкіндігін арттырды. Бұл өз кезегінде сайлау мәдениетін дамытуға және халықтың саяси жауапкершілігін нығайтуға ықпал етуде.

Сайлау мәдениеті – тек дауыс беру күні ғана емес, бұл азаматтың құқықтық сауаттылығы, қоғамдық пікірге құрметі және мемлекет тағдырына деген жауапкершілік көзқарасы. Сондықтан халық арасында сайлау институтына деген сенімді арттыру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу және жастардың азаматтық ұстанымын қалыптастыру – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

Алдымызда өтетін құрылтай сайлауы да қоғам үшін маңызды қоғамдық-саяси оқиға болмақ. Бұл – елдің дамуына қатысты бастамаларды қолдау, қоғамдық келісімді нығайту және азаматтардың белсенді ұстанымын көрсетудің маңызды алаңы.

Шу аудандық сайлау комиссиясы алдағы уақытта да сайлау заңнамасын түсіндіру, азаматтардың сайлау құқығын іске асыруына жағдай жасау және ашық әрі әділ сайлау мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыра береді.

Әр азаматтың таңдауы – ел болашағына қосылған үлес. Сондықтан қоғамдағы саяси мәдениетті дамыту мен азаматтық жауапкершілікті арттыру – баршамызға ортақ міндет.

**Ержан ВАХИТОВ,**
**Шу аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.**

«КЫМЫЗМУРЫНДЫК-2026»

# ВОЗРОДИЛИ ДРЕВНИЙ ПРАЗДНИК




**Одной из древних традиций казахского народа, символизирующих единство, гостеприимство и уважение к природе, является праздник «Кымызмурындык» — торжество первого кумыса. Издавна его отмечали после начала дойки кобылиц и приготовления первого кумыса на летних пастбищах.**

С целью сохранения и популяризации национального наследия в селе Балуан Шолак состоялся праздник «Кымызмурындык-2026». Инициаторами мероприятия выступили районный совет ветеранов во главе с Ержаном Умиралиевым. Поддержку в организации оказали акимы сельских округов Шокпар, Далакайнар и Балуан Шолак.

На окраине села были установлены белоснежные юрты, организованы выставка изделий народных мастеров, алтыбакан и национальные игровые площадки. Праздник собрал жителей нескольких сел, ветеранов труда, аксакалов, представителей молодежи и гостей района.

Для участников была подготовлена концертная программа с участием артистов районного Дома культуры.

С приветственным словом выступили почетный гражданин Шуского района Казакбай Байжуманулы, председатель районного совета ветеранов Ержан Умралиев и председатель совета ветеранов Балуаншолакского сельского округа Сагынтай Уалиев.

Как отметил Ержан Умралиев, особое внимание при подготовке мероприятия уделялось привлечению молодежи.

— Наша главная цель — передать молодому поколению знания о национальных традициях. «Кымызмурындык» является частью культурного наследия казахского народа. После некоторого перерыва мы вновь проводим этот праздник, объединив жителей трех сел, — подчеркнул он.

От имени акима района участников поздравил заместитель акима Найман Султанбаев, выразив благодарность организаторам за сохранение национальных ценностей.

Одним из самых торжественных моментов праздника стало угощение гостей первым кумысом нового сезона. Почетную миссию выполнили сельские матери и бабушки, соблюдая традиционный обряд.

Концертную программу украсили выступления местных артистов. Традиционный певец Жалгас Нургожа исполнил знаменитую песню Балуана Шолака «Ғалия», а член совета ветеранов Аргынбек Кошкинбеков подарил зрителям песню «Атамекен».

Особый интерес вызвал айтыс между деятелем культуры Базарбаем Аскартеги и акыном Бакытбеком Жумабековым, который был тепло встречен зрителями.

В рамках праздника гости познакомились с уникальными предметами быта прошлых поколений. Одним из экспонатов стала более чем 70-летняя деревянная сушилка для курта, принадлежащая жительнице села Турсынкуль Кеншимовой. По словам хозяйки, семейная реликвия досталась ей от свекрови и бережно хранится до сих пор.

Неотъемлемой частью праздника стали национальные игры и спортивные соревнования. Участники состязались в перетягивании каната, армрестлинге и игре в лянгу. Победители получили ценные призы от районного Молодежного ресурсного центра.

Праздник «Кымызмурындык-2026» завершился общим дастарханом и благословением аксакалов, став ярким примером сохранения национальных традиций и укрепления связи поколений.

**Байжан ЕМБЕРДЫ.**





# ТОП-5 ВОСТРЕБОВАННЫХ ГОСУСЛУГ

***С начала 2026 года через ЦОНы и спецЦОНы Жамбылской области было оказано свыше 255 000 государственных услуг. Об этом сообщает филиал Госкорпорации «Правительство для граждан» по Жамбылской области. Также стали известны пять наиболее популярных у жителей области госуслуг.***



В числе самых востребованных государственных услуг, оказанных жителям Жамбылской области с начала года, лидирует регистрация транспортных средств — за этой услугой обратились 78 227 раз. Второе место занимает выдача удостоверений личности и паспортов Республики Казахстан, которой воспользовались 62 922 человека. На третьей позиции расположилась государственная регистрация прав на недвижимое имущество — оказана 29 041 услуга.Четвертую строчку рейтинга занимает выдача водительских удостоверений — данной услугой воспользовались 13 865 граждан. Замыкает пятерку наиболее востребованных услуг выдача повторных свидетельств и справок о регистрации актов гражданского состояния — оказано 9 010 услуг.

«По итогам пяти месяцев наибольший объем государственных услуг пришелся на СпецЦОН города Тараз — здесь было оказано 65 278 услуг. В тройку лидеров также вошли ЦОН № 1 района Әулиеата города Тараз с показателем 38 620 услуг и ЦОН Кордайского района, где оказано 24 714 услуг», — сообщил директор филиала Госкорпорации «Правительство для граждан» по Жамбылской области Батырхан Токтагул.

На сегодняшний день реестр государственных услуг включает 1 381 вид услуги, из которых 93,7 %, или 1 295 услуг, доступны через Государственную корпорацию «Правительство для граждан».

Напомним, что граждане могут получать услуги не только в центрах обслуживания населения, но и онлайн, в том числе через мобильное приложение «ЦОН». Оно позволяет значительно экономить время и упрощает доступ к государственным сервисам.

**Центр обслуживания населения.**

## ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ!

***ТОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений «Плана ликвидации последствий ведения горных работ на месторождении Шатыркуль» с 07 июля 2026 года.***

**Территория воздействия:** Жамбылская область, Шуский район, Толебийский сельский округ.

**Географические координаты участка:**

| № | Северная широта | Восточная долгота |
|---|---|---|
| 1 | 43º35′40″ | 74º14′15″ |
| 2 | 43º36′27″ | 74º14′23″ |
| 3 | 43º37′15″ | 74º14′31″ |
| 4 | 43º37′53″ | 74º14′21″ |
| 5 | 43º38′04″ | 74º13′59″ |
| 6 | 43º37′35″ | 74º15′02″ |
| 7 | 43º37′27″ | 74º14′38″ |
| 8 | 43º36′52″ | 74º15′03″ |
| 9 | 43º37′38″ | 74º16′00″ |
| 10 | 43º37′47″ | 74º16′53″ |
| 11 | 43º37′23″ | 74º16′09″ |
| 12 | 43º36′37.07″ | 74º15′45.5″ |
| 13 | 43º36′27.09″ | 74º15′18.04″ |
| 14 | 43º35′40″ | 74º14′34″ |

**Инициатор:** ТОО«КорпорацияКазахмыс», БИН 050140000656. **Представитель:** Бесбаева М.М., менеджер GRTOO «Корпорация Казахмыс», **контакты: тел.:** 8 (7172) 557665 (вн.10894), **эл.адрес:** Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.

**Разработчик:** Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. **Представитель:** СулейменоваА.Б., **контакты:** тел.: 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), **эл.адрес:** Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

**Материалы проекта размещены на сайте: https:**//ndbecology.gov.kzибудут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений **в течение 10 рабочих дней** по ссылке https://ndbecology.gov.kz.

**Местный исполнительный орган:** Жамбылская область, город Тараз, улица Абая 133А, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области», **эл.адрес:** upr.taraz@zhambyl.gov.kz

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить **по эл.адресу:** Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и по номеру телефона: 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

РАЗЪЯСНЕНИЯ СПЕЦИАЛИСТА

# КАК ИЗБЕЖАТЬ ОТРАВЛЕНИЯ

***В будние дни и по торжествам в каждом доме к столу готовятся мясные блюда, салаты, кондитерские изделия с кремом, напитки и многое другое. Советуем соблюдать простые меры предосторожности, чтобы не допустить пищевых отравлений, острых кишечных инфекций и острых осложнений при праздновании дня рождения, поминок и т.д.***

**В целях профилактики пищевых отравлений, острых кишечных инфекций в домашних условиях необходимо:** соблюдать правила гигиены, особенно следить за чистотой кухни и рук; планировать приготовление пищи за полчаса до того, как вы сядете за стол, не допускать совместного хранения сырых и готовых блюд или использования при их разделке одних и тех же разделочных инвентарей; не использовать сомнительного качества или с явными признаками порчи (запах, цвет, вкус) сырье и готовые блюда; не следует потреблять продукты, оставшиеся после вчерашнего застолья, тем более хранившихся без холода.

**Для профилактики возникновения острых осложнений заболеваний пищеварительной системы необходимо:** не переедать, не потреблять острые, соленые блюда, а также с содержанием большого количества специй; при наличии хронических заболеваний желчевыводящих путей и поджелудочной железы избегайте жирной, жареной пищи во избежание обострения заболеваний или возникновения приступов.

Как правило, в праздничные дни объектами общественного питания и торговли в большом количестве готовятся как кулинарные, так и кремовые кондитерские изделия. Востребованы в эти дни различные салаты (исключить салаты, приготовленные с майонезом), мясные и рыбные закуски, суши роллы и другие, которые имеют короткий срок хранения и реализации. Поэтому, необходимо обращать внимание на их сроки годности, наличие документов, удостоверяющих качество и безопасность пищевой продукции, на условия их реализации и хранения.

**Также обращаем внимание руководителей объектов общественного питания на вопросы профилактики пищевых отравлений в дни празднования юбилеев, торжественных мероприятий, семейных торжест, поминок и т.д. и просим соблюдать некоторые требования санитарных правил:** обеспечить наличие достаточного количества холодильного оборудования при реализации скоропортящейся продукции и готовых блюд с соблюдением условий хранения продукции; обеспечить наличие личных медицинских книжек продавцов и обслуживающего персонала; обеспечить наличие документов, подтверждающих безопасность продукции; обеспечить наличие условий для соблюдения личной гигиены продавцов и обслуживающего персонала; обеспечить наличие спецодежды персонала.







**Во избежание пищевых отравлений и инфекционных отравлений, и инфекционных заболеваний в период проведения праздничных мероприятий, необходимо соблюдать ряд рекомендаций:**

**Организаторам и участникам мероприятий:** составление графика мероприятий с распределением по участкам, с планируемым количеством участников; максимальное рассредоточение площадок по всей территории населенного пункта для исключения массового скопления людей; соблюдение санитарно-эпидемиологических требований при приготовлении и реализации пищевой продукции; запрещение реализации продуктов домашнего приготовления; продавцы должны находиться в специальной одежде, торговля продукции в одноразовой посуде, с соблюдением личной гигиены; организация мест сбора отходов и их своевременный вывоз; проводить термическую обработку пищевых продуктов, а также тщательно мыть овощи и фрукты; использовать по назначению разделочный инвентарь для сырой и готовой продукции, при приготовлении блюд использовать качественные продукты; хранить раздельно сырые продукты от готовых; рекомендуется воздержаться от приготовления блюд и сервировки стола блюдами задолго до начала мероприятий и обеспечить их хранение с соблюдением необходимого температурного режима; важно не допускать нарушения сроков хранения готовых блюд.

**Населению:** выбирайте безопасные пищевые продукты. Родителям с особой насторожённостью необходимо относиться к тому, чтобы еда соответствовала возрастным особенностям детей; не допускайте переохлаждения организма, погода еще не устойчивая; старайтесь держаться подальше от толпы, во избежание получения травм, особенно детьми в местах катания на качелях (алтыбакан), спортивных состязаний.

Помните, что лучшая профилактика пищевых отравлений – это, прежде всего, осведомленность и бдительность.

**А.МЫНЖАСАРОВА,
главный специалист
Шуского районного УСЭК.**

## «Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін алу жүйесі

«Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» №301 бұйрығымен бекітілген қағидаларда айқындалады.

Мемлекеттік қызметті «Шу ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі электрондық форматта көрсетеді. **Қызметті онлайн түрінде алу кезеңдері:**

1. www.egov.kz сілтемесі бойынша «Электрондық үкіметтің» веб-порталына өтіңіз, содан кейін төменгі оң жақ бұрышта «Электрондық лицензиялауды» таңдаңыз;
2. Жүйеге кіру немесе «Электрондық лицензиялау» порталына тіркелу;
3. «Жер қатынастары» қызметінің қажетті кіші түрін таңдап, «Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» батырмасы бойынша өтіңіз;
4. Қажетті деректерді көрсетіңіз, өтініш толтырыңыз, ЭЦҚ–ға қол қойыңыз және электрондық жерге орналастыру жобасын тіркеңіз;
5. Берілген өтініштің мәртебесін Жеке кабинетте «Менің өтініштерім» бөлімінде бақылауға болады. Рұқсат алу туралы (жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту туралы бұйрық) «Менің рұқсат беру құжаттарым» бөлімінен, хабарлама алу туралы (Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап) – «Менің хабарламаларым» бөлімінен біле аласыз.

***«Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:***

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | «Электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 4 (төрт) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету түрі | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Жер учаскесін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын бекіту туралы бұйрық не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | Порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында;<br>2) Көрсетілетін қызметті берушінің www.gov4c.kz интернет-ресурсында;<br>3) Порталда орналастырылған |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 1) Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобасын бекітуге өтініш;<br>2) Электрондық жерге орналастыру жобасы |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-1-бабы 8-тармағының он екінші және он үшінші бөліктерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777 |

## «Іздестіру жұмыстары үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін алу жүйесі

«Іздестіру жұмыстары үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» №301 бұйрығымен бекітілген қағидаларда айқындалады.

**Қызметті онлайн түрінде алу кезеңдері:**

1. «Электрондық лицензиялау» www.elicense.kz порталын ашыңыз;
2. Жүйеге кіріңіз немесе «электрондық лицензиялау» порталында тіркеліңіз;
3. Қызмет паспортында құжаттар топтамасымен танысып «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басыңыз немесе қажетті қызметтің кіші түрін таңдап «Әрі қарай» батырмасын басыңыз;
4. Қажетті мәліметтерді көрсетіп, өтінішті толтырып, ЭЦҚ-мен қол қойыңыз;
5. Берілген өтініш мәртебесін «Менің өтініштерім» тарауынан қадағалауға болады. Рұқсатты алу туралы «Менің рұқсат құжаттарым» тарауынан, хабарлама алу туралы – «Менің хабарламаларым» тарауынан біле аласыз.

***«Іздестіру жұмыстары үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі:***

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Облыстардың, Астана, Алматы Шымкент қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | «Электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі | 10 (он) жұмыс күні |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электрондық (толық автоматтандырылған) |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Іздестіру жұмыстары үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы көрсетілетін қызметті берушінің қаулысы не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | Порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында;<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің www.gov4c.kz интернет-ресурсында;<br>3) порталда орналастырылған |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | 1) Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында іздестіру жұмыстары үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру туралы өтініш; 2) Іздестіру жұмыстарын жүргізу учаскесі жоспарының (схемасының) электрондық көшірмесі; 3) Іздестіру жұмыстарын орындауға арналған тапсырманың электрондық көшірмесі |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;<br>2) Көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 44-1-бабы 8-тармағының он екінші және он үшінші бөліктерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі |
| 10 | Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777 |

**«Шу ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» КММ.**

## Шу ауданында ашылған «Құқық кабинеттері» бойынша ақпарат

Шу ауданында, 18 ауылдық округтен және Шу қаласынан құрылған 19 аудандық аумақтық әкімшілік бірліктері (бұдан әрі – Аумақтық бірлік) бар.

Әр Аумақтық бірліктегі әкім аппаратының өзіне-өзі қызмет бұрыштарында «Құқықтық кабинет» қызметтері ұйымдастырылған. Аталған бұрыштар интернет желісіне қосылған тиісті құраушыларымен жабдықталған компьютермен қамтамасыз етілген.

«Құқықтық кабинет» қызметін сүйемелдеу жұмыстары әкім аппараттарының мамандарына тиісті өкіммен жүктелген. «Құқықтық кабинет» қызметіне жүгінетін азаматтарды тіркеу мақсатында журнал ашылып, есебі жүргізіледі.

Егер сізде қандай да бір шешілмей жатқан құқықтық мәселе болса өзіңіз тұратын округтегі «Құқықтық кабинет» көмегіне жүгініп, заң қызметін ала аласыз.

**Шу ауданы бойынша**

| № | Мемлекеттік мекеменің атауы | Мемлекеттік мекеменің мекенжайы, индексі |
|---|---|---|
| 1. | «Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылдық округінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылдық округі, Төле би ауылы, Төле би көшесі №264, 081100 |
| 2. | «Жамбыл облысы, Шу ауданы, Шу қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Шу қаласы, Д.Қонаев көшесі №23, 081124 |
| 3. | «Жамбыл облысы, Ақсу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, М.Құдышев көшесі №71А, 081106 |
| 4. | «Жамбыл облысы, Алға ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Алға ауылдық округі, Алға ауылы, Қарашаш көшесі №51, 081103 |
| 5. | «Жамбыл облысы, Ақтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Ақтөбе ауылдық округі, Ақтөбе ауылы, Қ.Сәтпаев көшесі №8, 081121 |
| 6. | «Жамбыл облысы, Балуан Шолақ ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Балуан Шолақ ауылдық округі, Балуан Шолақ ауылы, Байболат көшесі №54, 081107 |
| 7. | «Жамбыл облысы, Бірлік ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Бірлік ауылдық округі, Бірлік ауылы, Жібек жолы көшесі №4, 081123 |
| 8. | «Жамбыл облысы, Бірлікүстем ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Бірлікүстем ауылдық округі, Бірлікүстем ауылы, Ж.Масатбаев көшесі №47, 081109 |
| 9. | «Жамбыл облысы, Далақайнар ауылы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Далақайнар ауылы, Төле би көшесі №4, 081111 |
| 10. | «Жамбыл облысы, Дулат ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Дулат ауылдық округі, Бәйдібек ауылы, Т.Әшімбай көшесі №4, 081105 |
| 11. | «Жамбыл облысы, Жаңақоғам ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Жаңақоғам ауылдық округі, Көктөбе ауылы, А.Галиакпаров көшесі №48, 081116 |
| 12. | «Жамбыл облысы, Жаңа жол ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Жаңа жол ауылдық округі, Жаңа жол ауылы, Н.Секеұлы көшесі №75, 081115 |
| 13. | «Жамбыл облысы, Ескі-Шу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Ескі-Шу ауылдық округі, Белбасар ауылы, Ә.Шәлібекұлы көшесі №67, 081108 |
| 14. | «Жамбыл облысы, Көкқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Көкқайнар ауылдық округі, Көкқайнар ауылы, Сарыбұлақ көшесі №8, 081113 |
| 15. | «Жамбыл облысы, Қорағаты ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Қорағаты ауылдық округі, Мойынқұм ауылы, Төле би көшесі №2, 081117 |
| 16. | «Жамбыл облысы, Д.Қонаев ауылы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Д.Қонаев ауылы, С.Қалипанов көшесі №12, 081110 |
| 17. | «Жамбыл облысы, Тасөткел ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Тасөткел ауылдық округі, Тасөткел ауылы, Т.Рысқұлов көшесі №7, 091119 |
| 18. | «Жамбыл облысы, Өндіріс ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Өндіріс ауылдық округі, Абай ауылы, Ж.Жантөбетов көшесі №27, 081102 |
| 19. | «Жамбыл облысы, Шоқпар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Шоқпар ауылдық округі, Шоқпар ауылы, Балуан Шолақ көшесі №1, 081122 |

## Тұрғындар назарына!

**«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2026** жылдың 7 шілдесінен бастап **«Шатыркөл кен орнындағы тау-кен жұмыстарының салдарын жою жоспары»** бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағы: Жамбыл облысы, Шу ауданы, Төле би ауылдық округі.

***Учаскенің географиялық координаттары:***

| № | Солтүстік ендік | Шығыс бойлық |
|---|---|---|
| 1 | 43º35’40” | 74º14’15” |
| 2 | 43º36’27” | 74º14’23” |
| 3 | 43º37’15” | 74º14’31” |
| 4 | 43º37’53” | 74º14’21” |
| 5 | 43º38’04” | 74º13’59” |
| 6 | 43º37’35” | 74º15’02” |
| 7 | 43º37’27” | 74º14’38” |
| 8 | 43º36’52” | 74º15’03” |
| 9 | 43º37’38” | 74º16’00” |
| 10 | 43º37’47” | 74º16’53” |
| 11 | 43º37’23” | 74º16’09” |
| 12 | 43º36’37.07” | 74º15’45.5” |
| 13 | 43º36’27.09” | 74º15’18.04” |
| 14 | 43º35’40” | 74º14’34” |

Қоғамдық тыңдаулардың бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС GR менеджері Бесбаева М.М., байланыс телефоны: 8 (7172) 557665 (ішкі нөмір 10894), эл.мекенжайы: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 050140000656. Өкілі: Сүлейменова А.Б., байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі нөм.10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Жоба материалдары келесі сайтта орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz және https://ndbecology.gov.kz сілтеме арқылы олар жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар үшін қолжетімді болады.

Жергілікті атқарушы орган: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай көшесі, 133А «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, байланыс телефоны 8(7262)45-15-03, эл. мекенжайы upr.taraz@zhambyl.gov.kz.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу, сондай-ақ белгіленген қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл.мекенжайы бойынша және телефон нөмірі: 8(7172)557-6 72 (ішкі нөм.: 10557) арқылы сұратуға болады.

## МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

**Конурбаев Бейсенхан Сейтхановичтің** 2025 жылдың 14 қыркүйегінде қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр. Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Төле би ауылы, Төле би көшесі, 1а үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус К.Даулбаев) жолығулары қажет. Жұмыс тел.: 3-28-42, ұялы 87785703332.

xxx

**Сейдалиев Кемалдың** 2026 жылдың 2 мамырында қайтыс болуынан кейін мұрагерлік ісі ашылып отыр. Осыған орай, марқұмның мұрагерлері мұрагерлік істі ресімдеу үшін осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде Шу қаласы, Сәтбаев көшесі, 159/1 үйде орналасқан нотариалдық кеңсеге (нотариус Ш.Абильтаева) жолығулары қажет.